

Берсенгалиева Анаргүл

sultangalieva_1975@mail.ru

6B03101 – Психология ББ 1 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, сеньор – лектор, магистр - Султангалиева А.Е.

Андатпа. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы адамгершілік, өзін-өзі тану және «Толық адам» концепциясы қазіргі эмоционалдық интеллект теориясымен сабақтастырыла қарастырылады. Автор Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі ойтұжырымдарды талдай отырып, адамның эмоцияны түсінуі, басқаруы және тұлғалық дамуы мәселелері туралы айтады.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, эмоционалдық интеллект, «Толық адам», өзін-өзі тану, тұлғалық даму, эмоцияны басқару, адамгершілік, рухани даму

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар оның эмоцияларын түсіну, басқару және өзгелермен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту маңызды. Бұл қабілеттер жиынтығы Эмоционалдық интеллект ұғымымен байланысты. Аталған ұғым ғылыми айналымға ХХ ғасырдың соңында енгенімен, оның негіздері қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы шығармаларында кеңінен көрініс тапқан.

Біз, ХХІ ғасырдың жастары, жылдамдықты, технологияны және өзін-өзі дамытуды бірінші орынға қоятын буынбыз. Осы тұрғыдан алғанда, «бір жарым ғасыр бұрын өмір сүрген ақын бізге не бере алады?» деген сұрақ туындайды. Алайда, Абай Құнанбайұлы мұрасы – өткеннің сарқыншағы емес, керісінше, бүгінгі күнге толық жауап беретін рухани және психологиялық ілім.

Қазіргі психологияда кең тараған эмоционалдық интеллект ұғымы адамның өз эмоциясын түсінуі, басқаруы және өзгелермен дұрыс қарым-қатынас орната білуімен сипатталады. Бұл қасиеттердің барлығы Абай еңбектерінде терең әрі нақты көрініс тапқан еді.

Абай іліміндегі ең маңызды ұғымдардың бірі – «Толық адам» концепциясы. Ақын адамның кемелдікке жетуі үшін үш қасиеттің үйлесімін алға тартады. Ол өзінің 17-қара сөзінде: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп көрсетеді. Бұл ойды қазіргі тілмен түсіндірсек: Ыстық қайрат – мақсатқа жетуге деген табандылық, өзін-өзі тәртіпке салу; Нұрлы ақыл – білім, талдау, дұрыс шешім қабылдау; Жылы жүрек – мейірім, эмпатия, адамгершілік.

Абай осы үшеуінің бірлігі ғана бізді шынайы табысқа жеткізетінін айтады. Егер адамда ақыл мен білім болғанымен, жүрек жылуы болмаса, ол қоғамға пайда әкелмейді. Бұл бүгінгі эмоционалдық интеллект теориясымен толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, мақалада ақын ұсынған «ақыл, қайрат, жүрек» үйлесімі эмоционалдық интеллекттің негізгі компоненттерімен салыстырылып, олардың бүгінгі жастар тәрбиесіндегі маңызы көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде Абай мұрасы тек әдеби құндылық емес, сонымен қатар заманауи психологиямен үндесетін терең рухани-практикалық ілім екені дәлелденеді.

Қазіргі жастар үшін ең маңызды сұрақтардың бірі – білім алу және болашақ мамандықты таңдау. Бұл мәселе Абай шығармаларында да кеңінен қозғалған. Абай: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп, білімнің адам өміріндегі шешуші рөлін атап өтеді. Сонымен қатар, «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген жолдары білім алудың мақсаты тек пайда табу емес, рухани өсу екенін жақсы көрсетеді.

Абай өз заманында басқа тілдерді үйренуді де қолдаған. Бұл бүгінгі жаһандану кезеңінде ерекше маңызды. Шет тілдерін меңгеру – әлеммен тең деңгейде дамудың бір жолы.

Қазіргі қоғамда жастар арасында стресс, мазасыздық жиі кездеседі. Осындай жағдайда Абайдың қара сөздері адамға өзін түсінуге көмектесетін рухани құралдардың бірі бола

алады. Мысалы, 7-ші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады...» деп, адамның табиғи қажеттіліктері мен рухани дамуының айырмашылығын түсіндіреді.

Абай адамның әлсіз тұстарын да ашық көрсетеді:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деп, «бес дұшпанды» атап өтеді.

Ал оған қарсы: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» деген «бес асыл істі» ұсынады.

Бұл – өзін-өзі тәрбиелеудің нақты жүйесі. Қазіргі психологиядағы өзін-өзі реттеу, әдет қалыптастыру теорияларымен сәйкес келеді.

Эмоционалдық интеллекттің басты компоненті – өзін-өзі тану. Абай бұл туралы адамның өзін-өзі танымай, ғылым таппайтынын айтады. Сондай-ақ, оның: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: надандық, еріншектік, залымдық» деген сөзі адамның ішкі кедергілерін анық көрсетеді. Бұл ойлар қазіргі психологиядағы тұлғалық дамуға кедергі келтіретін факторлармен толық сәйкес келеді.

Абай шығармаларында өзгені түсіну, адамға жанашырлық таныту, әділ болу мәселелері ерекше орын алады. Бұл – эмоционалдық интеллекттің тағы бір маңызды қыры – эмпатия. Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп, адамдар арасындағы мейірімділік пен түсіністікті насихаттайды.

Бүгінгі жастар үшін Абай ілімі ерекше өзекті. Себебі ол: өзін-өзі тануға үйретеді, эмоцияны басқаруға көмектеседі, дұрыс құндылықтарды қалыптастырады, өмірлік бағыт береді.

Абайды оқу – жай ғана әдеби білім алу емес, ол – ішкі өзгеріс процесі. Оның шығармаларын түсініп оқу адамның дүниетанымын кеңейтеді, санасын жаңғыртады.

Абай Құнанбайұлы мұрасы – бүгінгі заманмен толық үндесетін терең рухани және психологиялық жүйе. Оның «Толық адам» концепциясы қазіргі эмоционалдық интеллект теориясының ұлттық үлгісі деуге болады.

Абайды оқу – өзінді тану, ішкі әлемінді реттеу және саналы өмір сүруге қадам жасау дегенді білдіреді. Сондықтан біз, жастар, Абайды тек оқу үшін емес, өмірде қолдану үшін меңгеруіміз қажет.

Жас ұрпақтың эмоционалдық мәдениетін дамытуда Абай идеяларын пайдалану олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, өз сезімдерін дұрыс жеткізе білуге және өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Бұл бағытты жүйелі түрде жүзеге асыру болашақ ұрпақтың рухани бай, парасатты, эмоциялық тұрғыдан тұрақты әрі әлеуметтік жауапты тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Абай армандаған «көзі ашық, көкірегі ояу» ұрпақ болу – біздің басты мақсатымыз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абай Құнанбайұлы Қара сөздер – Алматы: Жазушы, 2010. – 176 бет.
2. Өлендер жинағы – Алматы: Атамұра, 2012. – 256 бет.
3. Мұхтар Әуезов Абай жолы – Алматы: Жазушы, 2011. – 480 бет.
4. Дэниел Гоулман Emotional Intelligence – New York: Bantam Books, 1995. – 352 pages.
5. Питер Саловей, Джон Майер Emotional Intelligence – Imagination, Cognition and Personality, 1990. – 185 pages.
6. Педагогика және психология негіздері – Алматы, 2018. – 220 бет.

